

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ



Қазақстан 2050

III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 4-15 сәуір, 2016 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 11-13 сәуір, 2016 жыл



III МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 4-15 апреля 2016 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции

студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 11-13 апреля 2016 года



III INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 4-15 April, 2016

MATERIALS

of International Scientific Conference

of Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, 11-13 April, 2016

Ғылыми редактор:
ф.ғ.к., доцент **Медубек С.**

Жауапты редактор:
аға оқытушы **Дәуренбекова А.А.**

Жинақ хатшылары:
Жүртбай Н., Сапарходжаева Н., Тілепберген А.

Студенттер мен жас ғалымдардың «III Фараби оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Алматы, Қазақстан, 11-13 сәуір 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 136 б.

ISBN 978-601-04-1787-8

Жинаққа студенттер мен жас ғалымдарға арналған халықаралық ғылыми конференцияның тезистері енгізілген.

2010-2016ж.ж. заманауи жаңғыру публицистикасы.

Қарап отырсаңыз әр жылдардың өзіндік оқиғалары мен өткен шараларына негізделе отырып, сол уақыттың публицистикасы да дамыды.

Менің ойымша бөліп берген жылнамаларда публицистика заман талабы мен оқиғасына сәйкес бөлінгенін байқауға болады.

Бұл туралы филология ғылымдарының докторы, профессор Бвауыржан Жақып өзінің «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» атты еңбегінде қарастырып өткен.

Әр заманның өзіндік толғанысы мен реңкі болады емес пе?! Сағатбек Медсубекұлының «публицистика» сөзін «замансөз» деп аударуы да содан болса керек.

Қазақ даласындағы XX ғасыр сол тұстағы замансөзгерлердің жазуы бойынша тарихта қалды. «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Қазақ», «Серке», «Жұлдыз», «Социалистик Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» сияқты жүздеген басылымдар өткен ғасырдың төл басылымдары. Біз XX ғасырды солар арқылы біліп, осы басылымдардағы мақалалар арқылы сараптай, саралай алатынымыз анық.

ҚазҰУ-мәртебесі биік білімділер шаһары

Сымбаг А.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Әлім Ә.А.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың білімді жастарға бағытталған Жолдауында: «Біз, ҚазҰУ бастаған тоғыз ұлттық университетке үлкен үмітпен қараймыз. Олар отандық жоғары білім берудің негізгі жон арқасы болулары тиіс», - деген әлемдік тұрғыдан жоғары деңгейге жеткен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сияқты университетіме берген оң бағасын айтудың жөні қазір келіп тұрған сияқты.

Елбасының Жолдауда қойған міндеттерін атқара отырып, дәл осындай ЖОО адам капиталын дамытуға, сонымен бірге еліміздің экономикалық және әлеуметтік жаңаруында басты негіз болуы міндетті. Бұл әлеуметтік тұрғыдан жаңғыру мәселелері қара шаңырақ үшін де басты рухани және материалдық құндылық болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті-Қазақстанның жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие. Қазақстан білімі мен ғылымының ірі орталығы, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымның инновациялық дамуының ұлттық көшбасшысы.

ҚазҰУ-еліміздегі жұлдызы жоғары, мәртебесі биік, тарихы тереңге бойлаған білімділер шаһары. ҚазҰУ-өткені жетістіктерге, бүгінгі даму мен кемелденуге, болашағы айқын мақсаттарға толы дирижандар мектебі. ҚазҰУ-саналы ұрпақтың, жігері мен жалыны тасыған, қажыр-қайраты өн бойына жиналған, белсенді жастар мекені. ҚазҰУ-технологиялық үдеріспен, инновациялық дамумен, халықаралық байланыстардағы сенімділігімен, дүниежүзілік білім кеңістігіне тереңдей енуімен ерекшеленетін жаһандық білім ордасы.

Университеттің миссиясына еліміздің қоғамдық өмірі мен ғылымына, экономиканың маңызды бағыттарының қарқынды даму мәселелерін шешуге бағытталған заманауи, жоғары білімді, бәсекеге қабілетті мамандар буынын қалыптастыру. Университеттің әл-Фараби атымен аталуы да жайдан-жай емес. Әл-Фараби - Аристотельден кейін екінші ұстаз атанған ұлы ғұлама. Дүниенің білім және ой тарихынан құрметпен орын алған ұлы түрік ғалымы, ойшылы. Физика, химия, медицина, математика ғылымдарында және философияда жеткен нәтижелерімен Еуропа мәдениетінде үлес қосқан, кітаптары XVIII ғасырдың соңына дейін Еуропа университеттерінде оқылған түрік дарыны. Сонымен қатар, тарихи деректерде әл-Фарабидың қазақ скені анықталған.

ҚазҰУ-дың имиджіне қызмет ететін функциясына - оның ұлттық болуы, ол- жаһандық халықаралық білім беру қауымдастығына мүше болу мәртебесіне ие болған Орта Азиядағы алғашқы және жалғыз университет. Университетіміздің жеткен жетістіктерін айтып тауысар емеспіз. Ең биіксі ҚазҰУ еліміздегі алдыңғы университет. Сондықтан, мектеп бітіруші жас түлектерді осындай керемет университетте оқуға шақырамын.

Іле Алатауы бөктерінде орналасқан ҚазҰУ қалашылығының көз тартатын бірегей мекенге айналуына ректор Омірбек Жолдасбековтің сіңірген еңбегі зор скенін айта кету керек. Омірбек Арысланұлы Жолдасбеков М. Ломоносов атындағы Ресей мемлекеттік университеті механика-математика факультетінің гүлегі. Қазақстанның үздік оқу орны С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дың биіксі қызметін атқарды. Қазақстан жоғары оқу орындары ректорлары алқасының төрағасы болды. Жоғары дәрежелі маман даярлап, ғылыми кадр, университеттің материалды-техникалық биіксінің дамуына үлкен еңбек еткен азамат. ҚР Парламент мәжілісінің депутаты бола тұра, ғылым мен білім жүйесін басқаруға да атсалысқан қызметі тағы бар.

ҚазҰУ-БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның бастамасы бойынша Қазақстан жоғары оқу орындары арасында Біріккен ұлттар ұйымының «Академиялық ықпал» бағдарламасына қатысатын тұңғыш әрі жалғыз университет екені менің жаныма жылу ұялатқаны қашан?!

Әзілхан Нұршайықов публицистикасының ерекшеліктері

Тлепберген С.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Өзбекова Г.С.

Қазақ публицистикасы ХХ ғасырда қарқынды дами бастады. Публицистика әсіресе әскери және соғыс тақырыбын өте көп қозғады.

Бұл кезеңде қалам тартқан ірі тұлғалардың қатарына Шерхан Мұртаза, Асқар Сүлейменов, Әзілхан Нұршайықов, Камал Смайылов, Баубек Бұлқышевтар кіреді. Солардың ішінде Әзілхан Нұршайықов та өзіндік жазу стилін, ерекшелігін қалыптастырып кеткен жазушы, публицист. Бұл жазушының тенеулері шебер қаламнан шыққандығын байқатып тұрады. Жазушының көп еңбегі очерктен тұрады, оны очерк жазудың шебері десек артық болмас. Ә.Нұршайықовтың жұрт арасында жақсы таныс әрі жүректерінен орын тапқан еңбектерінен «Ақиқат пен аңыз», «Махаббат қызық мол жылдар» атты еңбектерін ерекше түрде атауға болады. Себебі бұл еңбектердің мазмұны мен айтайын деген ойы әлі күнге дейін оқырмандар үшін пайдалы әрі қызықты.

«Махаббат қызық мол жылдар» жастар арасында кең тараған туындылардың бірі және жастар оқуға міндетті он кітап болса соның ішіне осы кітапты кіргізу керек. Себебі ондағы кейіпкерлердің басынан өткізгендері, қуанышы мен қайғысы, олардың сезімдері оқырманды бей-жай қалдырмайды. Сондағы басты кейіпкердің қателігі мен кейіннен келе әрбір қателікті түзеуге болатынын түсініп батыл қадам жасауы жастарға сабақ ретінде көрсетілген. Негізі Ә. Нұршайықовтың көп еңбектері оқырман сабақ алсын әсіресе жастар өмір атты ұлы сапарды адамға лайықты түрде басынан өткізсің деген ниетте жазылған.

Тіпті «Ақиқат пен аңызды» алатын болсақ ол еңбекте Б. Момышұлының қателіктерін көрсетіп арғынша сол ағаттығын қалай түзгенін жазады. Сонымен қатар Бауыржан атамыздың батырымыздың ұлағатты ойларын да оқырманға үлгі етеді. Кітаптың ортасында Момышұлы әскери публицистика жайлы өзінің сынын айтады. Сол мәтінде «әскери публицистиканы үйде отырып жазу бір бөлек, соғыс алаңында ненің не екенін көріп, сол жерде жазу бір бөлек дүние. Үйде отырып жазған публицист оқығандарынан ғана жазады, ал соғыста жүріп жазған қаламгер нағыз әскери публицистиканың үлгісін көрсете алады» дейді. Сол сияқты нағыз публицист болу үшін және публицистикалық бағытта жазу үшін қаламгер публицистика деген «соғысты» өз көзімен көріп сезіну керек. Және әр жазған сайын шындала отырып шеберлікке ұмтылу керек. Қателесе отырып қана біз өлмейтін туынды жазып шығарамыз.

Қазіргі БАҚ-тағы сұхбат жанрының ерекшеліктері

Токтарова З

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Майкотова Г.Г.

Кез келген журналистің еңбегін оның даярлаған өнімінің сапасы арқылы бағалауға болады, а журналист өзінің осы жұмысында көрермен, халықтың сұранысын өтейтін өнімді даярлауға ұмтылуы жасауы қажет. Ол үшін журналист барлық БАҚ аудиториясының табиғатын жан-жақты меңгеруі тиіс. БАҚ-тың жіктелісі, «Сұхбат» атауының мән-мағынасын ашу, журналистің баспасөзде, радиода және теледидарда сұхбат жүргізу шеберлігі, кәсіби даярлығы және сұхбат алу кезіндегі ізденістері, сұхбат алуудағы радио немесе телехабар жүргізушісіне қойылатын негізгі талаптар, яғни кәсіби шеберлік жайындағы мәселелерді меңгеру журналист үшін қажет. Тақырыптың өзектілігі осы қажеттіліктер, өтеуден туындайды. Сұхбат – журналистикадағы өнімді жанр. Ол БАҚ-тың кез келген саласында қолданылады. Тек БАҚ-тың ерекшелігіне қарай оның табиғатын тани білу қажет.

Қазіргі БАҚ-ты қалыптастыруда аталмыш жанрдың маңызы зор. Баспасөз жанрлары үлкен үлкен бөлінеді: ақпараттық жанрлар, талдамалы жанрлар және көркем-деректі жанрлар. Сұхбат баспасөзде кең қолданыс тапқан жанрлардың бірі. Сұхбаттың құрамында екі жанрлық элемент бар: 1. Журналистің қоятын сұрағы; 2. Сұхбат берушінің қайтаратын жауабы; Біріншісі, құралды иеленуі екіншісі, ақпараттың қайнар көзі. Сұхбат берушіні кейде журналист өзі тандайды, бұл рет сұхбатшы сөзге шешен, салмақты ой айтатын елге танымал, әйгілі адам болуы мүмкін. Сұхбат, яғни интервью ағылшын тілінен аударғанда «кездесу, әңгімелесу» деген мағынаны білдіреді. Журналист